

Жиекбаева А.Б.,
Жамалова А.А.

**Араб тіліне кірме сөздердің
енуінің тарихи-лингвистикалық
себептері**

Мақала араб тіліндегі кірме сөздер мәселесіне арналған, соның ішінде тарихи-лингвистикалық себептері қарастырылады. Исламға дейінгі дәуірден бастап қазіргі араб тілінің толығып баюында парсы, грек, үнді, түрік, француз, ағылшын халықтарының қалдырған іздері орасан зор. Әртүрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасаған араб халқы тілге әсер ететін факторлардан қалыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан олардың тіліндегі кейбір сөздер, терминдер, атаулар екі жақтың өзара қатынасы арқылы алынған кірмеліктерге айналды.

Түйін сөздер: кірме сөздер, тарихи-лингвистикалық себеп, қарым-қатынас, исламның таралуы, өркениеттердің тоғысуы.

Zhiyekbaeva A.B.,
Zhamalova A.A.

**Historical and linguistic reasons
for the introduction of adopted
words in Arabic**

The article deals with the issue of adopted words in Arabic. Starting with the pre-Islamic period in replenishing and enriching the modern Arabic language contributed greatly to the peoples of the Persians, Greeks, Indians, Turks, French and English as well. Establish communication with different nationalities Arab people could not be subject to the factors influencing the language. Therefore, during the mutual relations with different nations have taken some of the words, terms which were adopted words.

Key words: adopted words, historical and linguistic reasons why relations, the spread of Islam, contingency of civilizations.

Жиекбаева А.Б.,
Жамалова А.А.

**Историко-лингвистические
причины заимствования
в арабском языке**

В статье рассматривается вопрос о заимствованных словах в арабском языке, историко-лингвистические причины заимствования иноязычных единиц. Начиная с доисламского периода в пополнении и обогащении современного арабского языка внесли большой вклад такие народы, как персы, греки, индусы, турки, французы и англичане. Арабы, установившие связь с разными национальностями, не могли не подвергнуться факторам, влияющими на язык, поэтому в арабском языке имеют место некоторые заимствованные слова, термины.

Ключевые слова: заимствованные слова, историко-лингвистические причины, отношения, распространение ислама, сближение цивилизаций.

АРАБ ТІЛІНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЕНУІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИ- КАЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Адамның жаратылысы, оның табиғаты әлеуметтік болмыс болып табылады. Оның өмірін жалпыға ортақ жүйеде өмір сүретін, қоғам мүшелерінің арасында заттар, пікірлер алмасу үшін жаратылғандай деп қана елестетуге болады. Сондықтан адамзат қоғамында әсер ету мен әсерленудің орын алуы сөзсіз [1, 174]. Тіл табиғаты – кез-келген қоғамның ішінде дамитын әлеуметтік құбылыс. Тіл де осы халықтар секілді, басқа өркениеттермен тоғысып, жанаспаса дамуы мүмкін емес. Ал, өркениет ол бірден-бір үлкен күш, дамыған өркениет көршілес әлсіз өркениеттерге сырттай әсер етіп үстемдігін алып, жан-жақты ықпал етеді. Осы кезде тіл мен дін кез келген өркениеттің негізгі, басты элементіне айналады [2, 116]. Араб тілі де дәл осы жағдайды басынан өткерді. Көршілес халықтардың дамыған мәдениетінің әсер еткені анық. Олар лингвистикалық жағынан бұрын тарихи-лингвистикалық себептермен енген. Өйткені, дәуіріміздің VII ғ. екінші жартысында Арабия түбегінде болған тарихи өзгерістердің нәтижесінде, ислам пайда болғаннан кейін, осы уақытқа дейін әлемдік оқиғаларда ешқандай ерекше рөлі жоқ, өзімен-өзі болып көшпелі өмір кешіп жүрген арабтар үлкен күшке айналды.

Сырт елдерді ислам дініне ендіру Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде-ақ басталған болатын. Ол қайтыс болған соң орынбасарлары (халифтер) шет жерлерге шабуыл жасауды үдете түсті. Олар Сирияны, Иранды өз ықпалына бағындырып, қазіргі Әзірбайжан территориясына аяқ басты [3, 13]. Осы жерде мекен еткен парсы халқын алар болсақ, парсы халқы Ресей мен Орта Азияның арасындағы шөлейтті жерлер мен Каспий теңізінің маңында мекендеп, әлемнің түкпірлеріне тарап кеткен деген болжам бар [4, 436]. Исламға дейінгі дәуірде арабтың парсы халқымен қарым-қатынасы басқа көрші халықтармен салыстырғанда мықты болды. Міне, осы ерекше қарым-қатынас – исламға дейінгі және одан кейінгі кездегі тығыз тілдік байланыстың негізі. Бұл екі тілдің әрқайсысы бір біріне үлкен тілдік әсер етіп, бір-бірінің сөз бірліктерін, стильдері мен құрылымдарын алған. Алайда айта кететін маңызды жәйт, ол Ирак екі халықты байланыстырушы көпір іспеттес ел болғаннан бастап, араб тілінен парсы тіліне енген сөз бірліктерінің едәуір көп болғандығы [5,12].

Ефрат батыс жағалауында орналасқан Куфа мен Нажафтағы үлкен қорғандар бәдеуилер мен Ирактың шекарасында мекендеушілерге тиесілі еді. Олар парсы территориясына бәдеуилердің шабуылдарынан қорғану үшін құрылған еді. Парсылардың арасында араб және араб емес өзге тұрғындар мекен еткен болса, осы тайпаларды басқаратын арнайы патшалары да болған. Оның ең атақтылары: المنذر، المني، القيس، الملك النعمان بن إمرئ القيس، [6, 223 б].

Араб тайпаларының парсы халқымен араласуындағы алыс-берістер исламның алғашқы кезеңінен бастап омаяттар, абасидтер дәуірі мен әсіресе хижраның үшінші жүз жылдығының басында ислам халифаттарының көлеңкесінде күшейген парсы мемлекетінің арқасында тілдік әсер ету мен әсерлену болғаны рас. Парсы тілінің таралу аясы мынандай территорияны қамтыған: оңтүстікте Парсы шығанағы, Оман теңізі немесе Арабия теңізі; батыста Месопотамия мен Армения; солтүстікте Кавказ таулары мен Орта Азияның шөлді жерлері; шығыста Памир шөлді аймақтар мен Инд теңізіне дейін жайылған. Тіпті парсы көшпенділері белгілі бір кезде шығысындағы солтүстік Моғолстан мен батыстағы Қара теңізге дейін жайылып, бүгінге дейін сол жерлерді мекен етуде [4, 436].

Парсы мен араб халқының қарым-қатынасына түрткі болған бірінші себеп – араб халқының парсы тілін ислам дінін жеңіл тарату құралы деп білуінде. Бұл өз кезегінде парсылардың араб тілін үйренуіне алып келді. Ал, екінші себеп араб ғұламалары мен парсы ғұламаларының бір-бірінің тіліне деген қызығушылығының артуы. Яғни ұзақ ғасырлар бойы араб тілі мен парсы тілін қатар қолданып, шығармашылық тілі етіп таңдағандар болды, олар: ибн Сина, Абу ар-Рейхан аль-Бируни, Абдул Қахир аль-Журжани, шейх аль-Аттар, шейх Мухаммад аль-Ғазали. Осы екінші себеп, дәлірек шығармашылық жолы арқылы көптеген парсы терминдері мен парсы сөз бірліктері араб тіліне енген болу керек. Жалпы парсы тілі шет тілдердің ішінде араб тілімен мәдениет, өркениет, әдебиет жағынан қатынасқа түскен ең алғашқы тіл болды. «Араб тілінің ғажайыптылығы» атты кітаптың авторының айтуы бойынша – "Парсы халқы көнеден келе жатқан өркениеті мықты халық. Олардың ғылымы, әдебиеті мен әдемі өнері тамырларын тереңге жая бастады, әсіресе шекіп жазу, түрлі түсті сурет салу мен музыка өнері кең дамыды. Арабтар парсылардан мәде-

ниет жағынан көп үйреніп, басқа тілдерге қарағанда көбірек парсы сөздерін қолданды». Бұл парсы мен араб тілдерінің өзара тоғысу тарихы жыл санауымызға дейінгі ғасырлардан бастап, қазірге дейін жалғасуда. Ал абасситтер дәуірінде байланыс едәуір кең түрде жүзеге асты, нәтижесінде аударма күшейді. Парсы кітаптары араб тіліне аударылған, соның ішінде ең көне кітаптардың бірі «Қалила мен Димна» мен ибн Мукаффагтың әдебиеттері екені анықталған. Кейде кітап толығымен, кейде жартылай, ал кейде тек өздеріне сай келетін тақырыптарды аударған. Әрине, парсы тілінің араб тіліне, әдебиетіне тигізген әсері тек әдебиетпен ғана шектеліп қалмаған, керсінше әртүрлі салаларда да өз ізін қалдырды. Әкімшілік, саясат аясы болсын немесе ғылым, әдебиет саласы болсын, не болмаса қаладағы әлеуметтік өмір шеңбері болсын парсылар сол дәуірде көш басында болған. Арабтар олардан әкімшілік, мекемелік хаттардағы, жазу өнеріндегі, ғылымның астрология, ботаника, медицина т.б. салаларындағы, сондай-ақ тамақ, киім-кешек, сусындармен байланысты терминдері мен өсімдіктердің, емді шөптердің, гүлдер мен бағалы тастардың атауларын алған. Араб сөздіктерінен парсы сөз бірліктерінің сөзжасам арқылы, не қалыпқа салу арқылы арабшаландырылғанын көрсек болады. Арабтар ол сөздерді өздерінің ислами орталарына сай келетін сөздерді алып, мағыналарына көп мән беретін болған [7, 8-96]. **Парсы** тілінен енген сөздер төмендегідей топтастыруға болады:

киім-кешек, атаулары:

اورمغان – керемет жібек матасы, جورب – қолғап, سروال وسريال – шалбар,

انديون – жазғы аяккиім (сандали), صندل – сары түстің бір түрі, дәлірек айтқанда, сәбіз түсі;

минералды заттар мен бағалы заттар атаулары:

فولاد – болат, جوهر – қымбатты бағалы заттар, جنزار – мыс оксиді, فيروز – көгілдір ақық (бирюза), لازورد – көкшіл сыр (лазурь);

өсімдік, хош иісті гүлдер, жемісті және жеміс бермейтін ағаштар атауларынан:

نيلوفر – тұңғиық (су астында өсетін гүлді өсімдік), تفاح – алма, خربز – қарбыз, ياسمين – ақгүл, ақтамакгүл, بازنجان – кәді (баклажан), خيار – қияр, لوز – бадам, طرخون – эстрагон;

жануарлар мен құстар атауы:

سمندر أو سمندر – саламандра (кесіртке тәрізді жәндік), سنور – мысық, سوننيق و بئر – жолбарыс,

кар-кұрд, كُرْد – тотықұс, بَغَاء – сұңқар, سُوقَان – қыран; сузанақ;

тамақ пен сусын атаулары:

қант қосып пісірілген шырынды – بَخْتَح و بَذَق, سُورِبَا – домалақ қалың нан, سُورِبَا – сорпа, جَلَنَجِين – бал мен раушан гүлден жасалған қоспа, بُوْظَة – балмұздақ;

сондай-ақ басқарма, әкімшілікте қолданылатын бірқатар сөздер:

زندیق, پَرِيد – почта, مَمْلَكَتِيك – мемлекеттік мекеме, دِيَوَان – атеист, دَهْلِيْز – конституция, عَسْكَر – әскер, اَرِيْكَه – орындық, نَمُوْذَج – үлгі [8, 68-69 б.].

Араб тіліне, сондай-ақ, семит тілдерінен арамей, эфиоп тілдерінің әсер етпей қоймағаны белгілі. Араб халқы көршілес жатқан арамей халқымен сауда-саттық, хижра, сапар шегу, арабтың кейбір тайпаларының арамей тайпаларымен қосылу арқасында Араб жарты аралының солтүстік бөлігінде қарым-қатынасқа түсіп отырды. Арамей халқы Сирияның жазық даласы мен алқаптарын негізгі мекені етіп, сауда жолдары арқылы өтетін керуендердің аялдамаларына билігін жүргізген. Арамей тілі Таяу Шығыста өте үлкен маңызға ие болған. Арамей тілінің жан-жаққа тарап, дамығандығы сонша, тіпті сауда мен дипломатияның тіліне айналды. Ұлы Александр Македонскийдің жаулап алуынан кейін арамей тілі грек тілімен қатар қолданылатындай дәрежеге жетті. Дамаскіде Меккенің саудагерлері арамей халқымен байланыс жасап, сауда керуендері Араб аралындағы сауда орындары арқылы өтіп жүретін болған. Арамей тілі саясат пен қаржы тілі болумен қатар, кейбір арабтардың қабылдаған еврей дінінің және Гассан мен Хирадағы христиандар арабтардың да тілі болды [9, 386]. Осылайша арамей тілінің еврейлік диалектісін христиандар Сирия, Палестинада қолданса, екінші Месопатамиядағы ассириялық диалектісі Сирияның солтүстігіне дейін жетіп, сол жерлерде ғана қолданыста болған. Исламның алғашқы жылдарында арабтар бірінші болып, арамей тілінің **ассириялық** диалектісінен Араб жарты аралында өспейтін өсімдіктер атауын алды, мысалы: الرمان – анар,

الكبريت – шарап, الخمر – зайтун, الزيت – күкірт, المرجان – маржан;

тұрмыстағы құрал-саймандар атаулары: الباب – есік, القفل – құлып, الزجاج – шыны, шөлмек, الكيس – жүзік, сақина; الخاتم – қылыш, السيف – қапшық;

мемлекеттік басқармада қолданылатын сөздер: السلطان – сұлтан, الأمة – ұлт, العالم – әлем, المدينة – қала, السوق – базар, السبيل – жол, الساعة – сағат;

жазу, оқу, білім саласындағы сөздер: الكتاب – кітап, التفسير – оқушы, التلميذ – түсіндірме, тәпсір, السورة – сурет, [10, 196].

Ал, Йемен ерекше географиялық аймақта орналасқанына байланысты, теңіз және құрғақ жолдарымен танымал еді. Бұл үлкен маңызы бар территория кейде арабтарға, кейде парсыларға, ал кейде эфиоптарға тиесілі болды. Исламға дейінгі кезеңде христиандар мен еврейлер кеңінен тарап, талас тартыстар орын алған. Йемендік арабтар мен эфиоптар арасында тығыз мәдени, экономикалық, саяси қарым-қатынастар бірқатар **эфиоптық** сөз бірліктерінің араб тіліне тасымалдануына алып келді. Олар көбіне діни сарындағы сөздер:

مِحْرَاب – ғибадатхана, مَنْبَر – мінбер, مَنَافِق – екіжүзді, البرهان – дәлел, أَرَاكَ [11, 1466].

Ал, **үнділерге** тоқталар болсақ, арабтар олармен сауда қарым-қатынастарын орнатып, тауарлар айырбастаған. Осылайша тікелей немесе арада делдал болған парсылар арқылы үнді сөздері араб тіліне еніп кеткен. Ал арабтардың Еуропа пен Шығысты қытай, үнді тауарларымен қызықтыруы 15-ші ғасырда еуропалықтардың арабтармен байланыс орнатуына итермеледі. Ал **д-нің айтуы бойынша** «Арабтар әртүрлі аймақтың өзіне тиесілі сөздерді қолдануға тырысқан» десе, ал доктор يوسف былай дейді «Бұл орайда арабтардың әдеби үнді санскрит тіліндегі сөздерді емес, сол аймақтардың тұрғындары мен саудагерлердің ауызекі сөздерінен алғаны белгілі». Арабтар үнділерден кейбір өсімдік, жануар, емдік шөптер, хош иісті әтірлер, қымбат бағалы тастар, мата мен қылыш атауларын алған. Үнділерден енген сөздер: بها – күріш, أرز – тазартылған мақта, زَنْجَبِيل – мырыш, توتياء – жанжабіл, занзабіл (имбирь), طاووس – бор, طَبَاشِير – қант, لِيْمُون – лимон, فَنْجَان – ыдыс, سَكْر – саптыаяқ, لِيْمُون – лимон, النمط – үлгі, فِيل – піл, [8, 69-706].

Арабтардың гректермен, византиялық римдіктермен қатынасы жыл санауымызға дейінгі уақытта, яғни Египет, Сирия, Палестина мен Ирактың бір бөлігінің отарлануына жарты ғасыр қалғанда орнаған еді. Бұл отаршылдық ислам келген кезде де жалғасын тауып, Александрия, Иерусалим, Дамаск, Антакия, Латакия грек тілі тараған негізгі қалаларға айналған еді. Грек тілі дін мен философияда айқын көрінді. Бұл екі саладағы сөздер тікелей гректерден немесе гректермен саяси, рухани жағынан тығыз

байланыста болған сириялықтардан енді. Көбіне теңіз өмірі, жаратылыстану мен психологиялық ғылымдармен байланысты сөздер мен әкімшілік, діни атаулар, материалды заттардың атаулары енген:

сегізаяқ, - أخطبوط, - Инжіл, - إنجيل, - Ібіліс, - إبليس, - белдеу, - إقليم, - аңыз, ертегі; - أسطورة, - флот, - أسطول, - қақырық, - بلغم, - зәкір, - أنجر السفينة, - алхоры, алша, - بطاقة, - карточка, - دكان, - дүкен, - فندق, - мейрамхана, - طلسم, - тұмар [8, 70-716].

Арабтар грек тілімен латын тілін ажыратпаған, керсінше бұл екі тіл де рим тілі деген атаумен белгілі болды. Қысқаша айтар болсақ, латын тіліндегі сөздер де сауда-саттық, крест жорықтары, саясат пен мәдениет аясындағы байланыстар арқылы кірген болатын. Латын тілінен алынып, қолданыста жиі болған сөздер тізбегі: - إيلياء أو إيلياء - қасиетті үй, - امبراطور - император, - بركان - жанартау, - سراط أو صراط - жол, - فرن - пеш, - قرصان - қарақшы, - قميص - жейде, - منديل - орнамал, - قنصل - консул [8, 716].

Ал, аббасия дәуірінен кейінгі кезеңде арабтар қандай сөздерді алды деген сұрақ туындайды. Бұл кезең хижра санауының 656 жылы болған Бағдадтың құлауы мен мамлук сұлтандарының араб территориясына кірумен байланысты болды. Мамлуктер кезеңінен бастап, арабтар өз ата-бабаларының басқа тілдерден алған сөздеріне қоса жаңа сөздер, оралымдар мен жаңа мағыналарды ала бастады. Бұл кірмеліктер бірте-бірте сөздіктерде, ғылыми кітаптар мен энциклопедияларда орын алып, сол кезеңдегі ислами араб мәдениетінің айнасы еді. Айта кететін маңызды нәрсе мамлуктердің ресми тілі араб тілі еді. Ал тілдегі кірмелік екі тілдің түрік және парсы тілдерінің араласуы арқылы көрініс тапты, сонымен қоса черкестерден келген кавказдың кейбір сөздері де араб тіліне кірген. Осы

мәселе жөнінде арабтар қандай сөздерді алған деген сұраққа толығырақ мағлұмат беретін кітаптар да бар, олар: "عيون التواريخ" - ابن-الدін-شاکر, "المختصر في أخبار البشر" - أبو-الدін-الفداء ملك, "مسالك الأبصار في ممالك الأمصار" - الدін - فضل الله العمري, "ابن بطوطة", "البداية و النهاية" - ابن-كثير الدمشقي, "تحفة النظار في غرائب الأمصار", сондай - اک - ابن قيم - الجوزية, السخاوي, السيوطي, ابن طولون الدمشقي, الجبرتي - лердің жазған туындылары қаншама. Осы кезеңге жататын кірмеліктер төмендегінше: الأتابك - түрік сөзі, мағынасы - әскер көшбасшысы, - أنا - әке, немесе үлкен жасты құрметті кісі, - بك, - ханзада; - الألدش أو الألدش - түрік сөзі, мағынасы - жолдас, негізгі түрік тілінде يولدش - түрік сөзі, мағынасы - адам есімі Айбек, әскербасы атабектен шыққан, - أي, - ай, - بك, - ханзада; - القشيش - парсы сөзі, мағынасы - шайлық, шайпұл, даяшының қызметі үшін төленетін қосымша пұл; - البيرق - түрік сөзі, мағынасы - байрақ, жалау, ту; - الیوزباشي - түрік сөзі, мағынасы - жүзбасы, - باشا және - یوز - басшы, дәл солай - الدبوس; - البکباشي - мыңбасы; - الدبوس - парсы сөзі, мағынасы - түйреуіш, ілгек; - الدمغة - түрік сөзі, мағынасы мөр, баспа; - الرنك - елтаңба; - المطهرجي أو المطهرجي - негізі араб тіліндегі مطهرة тазалағыш деген сөз түрік тіліне еніп, жуынуға, дәрет алуға арналған ыдыс - аяқ деген мағынаны береді. - البازار - базар, сауда; - خرطوش - оқ, патрон; - القايق - түрік сөзі, мағынасы - кішкентай кеме, яғни қайық; - یازجي - түрік сөзі, мағынасы - жазушы [8, 71-73].

Бұндай құбылыс, яғни кірмеліктердің енуі барлық тілдерде байқалары сөзсіз, өйткені жоғарыда айтып кеткеніміздей тіл әлеуметтік құбылыс, оған толығы, даму, алу, беру атауларының бәрі тән.

Әдебиеттер

1. عبد العزيز عبد الفيط الهوالی القاهرة 2005 س طبعة تروق الراهبين فصول في فقه لعربية د.
2. Samuel P. Huntington -The Clash of Civilization 576p. Publication date 1996, publisher Simon & Schuster
3. Алжанбаева Ү.Т. Араб тіліндегі түркізмдер, Алматы «Қазақ университеті» 2001. – 143 б.
4. الأدب الفارسي, د. محمد محمدي, طبع بيروت 1967 م.
5. فقه اللغة د. عبد الواحد وافي, دار نهضة مصر للطبع و النشر, القاهرة
6. تريخ العرب قبل الإسلام لجرجي زيدان
7. لمعرب والدخيل في اللغة العربية تحت إشراف الأستاذ الدكتور محمود عبد السلام أحمد شرف الدين إعداد الطالب: كل محمد باسل العام الدراسي 1423 هـ الموافق 2002 م
8. ما أخذ العرب من اللغات الأخرى, د. مسعود بوبو من كتاب تراث العرب طبعة القاهرة 2007 س الطبعة الثالثة دار الراهبين
9. تريخ العرب القديم, د. توفيق برو, الطبعة الأولى, دار الفكر 1984 م دمشق سورية
10. القاهرة, مصر العرب في القديم والحديث مع معاجم للألفاظ المعربة, د. محمد حسن عبد العزيز, دار الفكر العربي.
11. التطور النحوي للغة العربية, برجستراسر, ترجمة د. رمضان عبد التواب 1402 هـ/1982 م, الناشر مكتبة الخانجي بالقاهرة, دار الرفاعي بالرياض

References

- 1 Fusulu fii fiqhi liarabiiya. d.Abd al-Aziz al-Fit al-Hauali. Al-Qahira, 2005, tibat turuuq al-Rahibiin
- 2 Samuel P. Huntington -The Clash of Civilization 576p. Publication date 1996, publisher Simon & Schuster
- 3 Alsanzaeva U.T. Arab tilindegi turkizimder, Almaty «Qazaq universiteti» 2001, 143-b.
- 4 Al-Adabu al-Farisi, Muhammad Muhammadi, tib'u Bairut 1967.
- 5 Fiqhu al-Luga d.Abd al-Uahid Uafii, daru nahda misr li-l- tib'u ua al-nashri, Al-Qahira
- 6 Tariih al-Arab qabla-l-Islam li Jirji Zeidan
- 7 li muarrab ua al-dahil fii al-lugati al-arabiia tahta ishraf al-ustaz al-duktur Mahmud abd al-Salam Ahmad Sharaf al-Din, 2002
- 8 ma ahaza al-arab min al-lugati al-uhra, d. Masmud Bubu min kitab turas al-arab, tib'a Al-Qahira 2007, al- tib'a al-salisa daar al-Rahibiin
- 9 tarih al-arab al-qadim, d.Taufiq Baru, al- tib'a al-aula, daar al-fikr 1984, Dimashq, Suriya
- 10 al-muarrab fii al-qadim ua al-hadis maa maajim li-l-alfazi al-muarraba, d.Muhammad Hasan abd Al-Aziz, daar al-fikr al-arabi, Al-Qahira, Misr
- 11 al-tataaur al-nahai li-l-lugati al-arabiyati, tarjamatu d. Ramadan abd al-Tauab 1982, daar al-rifaa bi al-Riyad

Жұмажанова Ф.Т.
**Абай Құнанбаев
лирикасындағы шариғат**

Ақын Абай Құнанбаевтың кез-келген өлеңін алып қарасақ, сырлы суреттерге толы бейнелеулері тереңге тартып, ой тұңғыығына батырады. Қазақ деген қаймана халықтың бүкіл болмысын жырларында қалтқысыз суреттейді. Халқының болашағына алдағы ғасырлар тере-зесінен үңіліп, қайран елі қазағының оқып, білім алуы, өзара бірлікте, ынтымақта болуы жұрт қатарына қосылудың жолы екендігін өз шы-ғармашылығында айтып кетті.

Мақалада ақын қазақ баласын имандылыққа шақыра отырып, бес асыл істі бойына жинауға шақырған бірнеше ислами діни өлең-дері талданады.

Түйін сөздер: дін, иман, ислам, шариғат, ғибадат.

Zhumazhanova F.T.
**Shariah in Abay
Kunanbaev's Lyriks**

In this article the problems of Islamic Shariah's reflection in Abay Kunanbaev's Lyriks are considered.

In his article the author analyses Abay Kunanbaev's poetry in comparison with Islamic Shariah

Key words: religion, faith, islam, sharia, worship.

Жұмажанова Ф.Т.
**Шариат в лирике Абая
Кунанбаева**

В этой статье рассматривается проблема влияния Исламского шариата в лирике Абая Кунанбаева. В своей статье автор анализирует поэзию Абая Кунанбаева в сравнении с Исламским шариатом.

Ключевы слова: религия, вера, ислам, шариат, поклонение.